

**1998-2001 жылдарға арналған Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ банкін кезең-кезеңмен жекешелендірудің негізгі бағыттары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 6 шілдедегі N 644

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін (бұдан әрі - Банк) кезең-кезеңмен жекешелендірудің негізгі бағыттарын нақтылау мақсатында және "Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 18 маусымдағы N 559 P980559\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998-2001 жылдарға арналған Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін кезең-кезеңмен жекешелендірудің негізгі бағыттары мақұлданып және акционерлердің жалпы жиналысында бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің қосымшаға сәйкес 7 адамнан тұратын Байқаушы кеңесін сайлау ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі М.Қ.Әбләзов Қазақстан Республикасы Үкіметінің Банк акционерлерінің жалпы жиналысындағы өкілі болып бекітілсін, оған дауыс беру және жиналыс өткізудің қорытындылары бойынша қажетті құжаттарға қол қою құқығымен сенімхат берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық Банкпен және Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкімен келісе отырып, екі айдан аспайтын мерзімде 1998-2001 жылдарға арналған Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін дамыту бағдарламасын әзірлесін. Аталған Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынылсын және Банк акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілсін.

5. "Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін кезең-кезеңмен

жекешелендірудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1051

P971051\_

қаулысының күші  
жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 6 шілдедегі  
N 644 қаулысымен  
мақұлданған

1998-2001 жылдарға арналған Қазақстан Акционерлік  
Халықтық Жинақ Банкін кезең-кезеңмен жекешелендірудің  
НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Осы құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 17 мамырдағы N 120 қаулысымен бекітілген 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Банк жүйесін одан әрі дамыту бағдарламасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 18 маусымдағы N 559 P980559\_ қаулысын орындау үшін әзірленді және ол Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін (бұдан әрі - Банк) жекешелендірудің негізгі принциптерін, кезеңдерін және тетіктерін, сондай-ақ бақылаудың нысандарын айқындайды.

I. Банкті жекешелендірудің негізгі принциптері

1. Банкті жекешелендіру мынадай негізгі принциптерге сүйене отырып жүргізіледі:

1) Банктің пруденциялық нормативтерді сақтауы және банктің халықаралық стандарттарға көшу бағдарламасын орындауы мақсатында оның төлеген жарғылық капиталын, банк акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін кезең-кезеңмен сатуды қоса жүргізе отырып, жүйелі түрде ұлғайту;

2) Банктің қызметіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан бақылауды жүзеге асыру мақсатында және Банктің халықтың банктік депозиттері, мемлекеттік бағалы қағаздар және халыққа ұсынылатын банктік және өзге де қызмет көрсетулер рыногындағы үстем үлесінен туындайтын оның маңызды әлеуметтік жағдайына байланысты, 1998-2001 жылдардағы кезеңде Банк акцияларының мемлекеттік пакетін с а қ т а п қ а л у ;

3) Банктің қызметіне оның Қазақстан Республикасының Үкіметінен басқа акционерлерінің тарапынан ашық бақылау жасау тетіктерін құру;

4) Банк акцияларының мемлекеттік пакетін республиканың қаржылық және банктік жүйелерінің даму шамасына, оның ішінде жоғарыда аталған рыноктарда Банкке тең келетін бәсекелестердің пайда болу, бюджет төлемдерін жүзеге асыру тетіктерін қалыптастыру, міндетті медициналық сақтандыру жүйесі бойынша тиімді есеп

айырысу жүйесінің, пластикалық кәртiшкелер пайдаланылатын қазiргi заманғы төлем жүйесінің құрылу шамасына қарай жүйелi түрде азайту.

2. Үкiмет Банкі жекешелендiрудiң осы құжатта сипатталған саясатын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес банктің органдарына қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

## II. Банкті жекешелендiрудiң негiзгi кезеңдері

3. Банкті жекешелендiрудiң бiрiншi кезеңiнде (1998-1999 жылдар) мынадай шаралар орындалуға тиіс:

1) 1998 жылдың III тоқсанында:  
акционерлік қоғамды жабық үлгiден ашық үлгiге өзгерту;  
Банк акцияларын ұстаушылардың тiзiлiмiн қалыптастыру;  
Банк акцияларының мемлекеттік пакетiн тиісiнше ұлғайта отырып, 1998 жылдың 1 қаңтарына дейiн жинақталған 1.010.700.000 теңге сомасындағы пайданы капиталдандырудың есебiнен Банктің төленген жарғылық капиталын ұлғайту (өйткенi 1998 жылға дейiн Банктің бiрден-бiр акционері мемлекет болған);  
сомалық атаулы құны 1.311.900.000 теңге болатын Банк акцияларының қосымша эмиссиясын мемлекеттік тiркеу, оны пайданы жоғарыда көрсетiлгендей капиталдандыру жолымен орналастыру және сомалық атаулы құны 301.200.000 теңге қалған акцияларды тендердiң негiзiнде айқындалған отандық инвесторға сату;

2) 1998 жылдың IV тоқсанында - 1999 жылы:  
- Банктің уәкiлеттi органдарының қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қабылдаған шешiмiне сәйкес, Банктің қосымша акцияларын шығару және оларды орналастыру. Аталған қосымша акцияларды портфельдік инвесторларға, оның ішiнде халықаралық қаржы органдарына да сату оларды орналастырудың тәуір нұсқасы болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 3-тармағының 1)-тармақшасының алтыншы абзацы күшiн жойды - ҚРҮ-нiң 1998.12.06. N 1247 қаулысымен. P981247\_

4. Банкті жекешелендiрудiң бiрiншi кезеңiн орындау барысында мемлекеттің үлесі мыналардан тұруға тиіс:

1) 1998 жылдың III тоқсанының ішiнде - банктің шығарылған акцияларының жалпы көлемiнiң кемiнде үштен екiсi (акциялардың бақылау пакетiн қамтамасыз ету мақсатында);

2) 1998 жылдың IV тоқсанының және 1999 жылдың ішiнде банктің шығарылған акцияларының жалпы санының кемiнде жартысы - қосу бiр акция (акциялардың басым пакетiн қамтамасыз ету мақсатында).

5. Банкті жекешелендiрудiң екiншi кезеңiнде (2000-2001 жылдар) мынадай шаралар орындалуға тиіс:

1) 2000 жылы:

Банктің уәкілетті органдарының қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қабылдаған шешіміне орай Банктің қосымша акцияларын шығару және оларды орналастыру. Аталған қосымша акцияларды біртұтас пакетпен инвесторға сату оларды орналастырудың тәуір нұсқасы болып табылады.

2) 2000 - 2001 жылдарда:

Банк акцияларының қалған мемлекеттік пакетін жүйелі түрде сату. Сатудың нақты тәсілін тандап алу - Банктің Қазақстан Республикасының Үкіметінен өзге акционерлерінің Банктің шығарылған акцияларының жалпы көлеміндегі қалыптасып отырған үлестерін есепке ала отырып, ең көп пайда өлшемі бойынша айқындалатын болады.

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.07. N 464 қаулысымен.

P010464\_

6. Банкті жекешелендірудің екінші кезеңін орындау барысында мемлекеттің үлесі мыналардан тұруға тиіс:

1) 2000 жылдың ішінде - Банктің шығарылған акцияларының жалпы көлемінің кемінде үштен бірі (акциялардың блоктық пакетін қамтамасыз ету мақсатында);

2) 2001 жылдың ішінде - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылдың аяғында қабылдануға тиісті мемлекет үлесін одан әрі кеміту ықтималдығы туралы шешіміне байланысты.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 6 шілдедегі  
N 644 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің  
Байқаушы кеңесінің  
ҚҰРАМЫ

Абдулина Н.Қ. - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкі төрағасының орынбасары  
(келісім бойынша)

- Аманбаев М.Е. - Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрі Кеңсесінің  
Қаржы-экономикалық сараптау  
бөлімінің меңгерушісі
- Дәмитов Қ.Қ. - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің төрағасы (келісім бойынша)
- Ержанов О.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы  
вице-министрі
- Кәкімжанов З.Х. - "ҚҚЖБ - топ" ұлттық инвестициялық  
қаржылық акционерлік компаниясының  
төрағасы
- Мәсімов К.Қ. - Қазақстан Акционерлік Халықтық  
Жинақ Банкі Басқармасының төрағасы
- Солодченко Р.В. - Қазақстан Республикасы Энергетика,  
индустрия және сауда министрлігінің  
Экономикалық жоспарлау жөніндегі  
комитетінің төрағасы